

Бекітемін
Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрк университетінің Ректор өкілі

Нажи Генч
«13» 11 20 24 ж.



Бекітемін
Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрк университетінің Ректоры

Ж.Темірбекова
«13» 11 20 24 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТИНІҢ ЖҮЙЕСІ УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-059-2024

ҚАУЫМДАСТЫРЫЛГАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ), ПРОФЕССОР МИНДЕТІН АТҚАРУШЫЛАУАЗЫМЫНА АУЫСТАЫРУ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Фылым департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер
 - Кадр бөлімінің басшысы Ж.Сыздықова
 - Сенат хатшысы А.Абибулаева
3. Келісілді
 - Фылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
 - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Мустафа Гиритлиоглу
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырықбаева
4. ЕҢГІЗІЛДІ
5. Тексерілу мерзімі
 - 2024 ж.
 - 2026 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан -2024

К.А.Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-түрк Университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ
№ 2677
«13» 2024 ж.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>Университет ережесі</i>	<i>YE-XKTU-059-2024</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Кауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі</i>	<i>14 беттің 2-беті</i>

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5	Жалпы ережелер	4
6	Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына қойылатын біліктілік сипаттамасы талаптары	5
7	Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру	7
8	Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы құқығы	10
9	Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы талаптарын сақтауды бақылау	11
10	Танысу парагы	13

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	ҮЕ-ХҚТУ-059-2024
Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі			14 беттің 3–беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі – университет) қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына койылатын біліктілік сипаттамасы және міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру талаптарын анықтайды.

1.2. Бұл ереже университетте қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына койылатын біліктілік сипаттамасы және міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру талаптарын жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3. Университеттің осы ережесі, қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына койылатын біліктілік сипаттамасы және міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру талаптары университет құрылымында міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4. ҮЕ-ХҚТУ-059-2024 ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді

2. НОРМАТИВТІК СЛТЕМЕЛЕР

2.1. Осы, қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесінде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы;

- Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 128 Бұйрығы; (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.09.2024 № 435 бұйрықтарымен өзгеріс енгізілген);

- Университет Жарғысы;

- Регламенттер;

- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару;

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Университеттің осы ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру талаптарын әзірлеу ережесі;

ҮЕ – университет ережесі;

ОПҚ – оқытушы профессор құрамы;

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы;

Қоңа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	УЕ-ХҚТУ-059-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі
Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндеттін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі	14 беттің 4-беті

4 ЖАУАПКЕРШІЛК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛК

- 4.1. Осы ереже университеттің Сенат мәжілісінде талқыланады және бекітіледі.
- 4.2. УЕ талаптарының енгізілуіне Кадр бөлімі басшысы жауапты болып табылады.
- 4.3. Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын құрылымдық бөлім басшыларынан құралған комиссия жүзеге асырады.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Университеттің қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор міндеттін атқарушы лауазымдарының біліктілік сипаттамасы мыналарға негіз болады:

- кафедралар, факультеттер туралы, олардың университеттегі орны мен рөлін анықтайтын ережелер жасауга;
- Қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілктерін белгілейтін лауазымдық нұсқаулықтар әзірлеуге;
- кадрларды іріктеу мен орналастыру, оларды пайдаланудың дұрыстығына бақылау жүргізуге;
- университет қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор міндеттін атқарушы қызметкерлерін аттестаттаудан өткізуге;
- университет қауымдастырылған профессор (доцент) міндеттін атқарушы және профессор міндеттін атқарушы лауазымдарына ауыстыруға.

5.2. Университет штат кестесінде қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор міндеттін атқарушы лауазымының атаулары осы сипаттамада көрсетілген лауазымдық атауларға сәйкес келуі қажет.

5.3. Қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор міндеттін атқарушы лауазымдарына берілген Сипаттама: «Лауазымдық міндеттері», «Білуге міндетті» және «Біліктілікке қойылатын талаптар» бөлімдерінен тұрады.

«Білуге міндетті» бөлімі қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор арнайы білімге қатысты, сондай-ақ заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді, ережелерді, нұсқаулықтарды, тағы басқа материалдарды білуі бойынша қойылатын негізгі талаптарды, қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор лауазымдық міндеттерін орындау кезінде қолдана алуға тиіс әдістер мен құралдарды қамтиды.

«Біліктілікке қойылатын талаптар» бөлімі қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор көзделген міндеттерді орындауға қажетті қызметкердің кәсіби даярлық деңгейі мен жұмыс өтіліне қойылатын талаптарын айқындайды.

5.4. Сипаттама ішкі ұйымдастыру-ұйлестіру құжаттарын әзірлеуге негіз болып табылады: өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастырудың ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың құқықтары мен жауапкершілктерін ескере отырып, қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор лауазымдық міндеттерінің нақты тізбесін қамтитын лауазымдық нұсқаулығы.

5.5. Біліктілік сипаттамасында әрбір лауазымға неғұрлым тән келетін жұмыс түрлері беріледі. Лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде нақты ұйымдық-техникалық жағдайдағы тиісті лауазымға тән жұмыстар тізбесі нақтыланады және қызметкерлердің арнайы даярлығына қажетті талаптар белгіленеді.

<i>Көжә Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-059-2024</i>
<i>Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі</i>			<i>14 беттің 5-беті</i>

6. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ), ПРОФЕССОР МІНДЕТІН АТҚАРУШЫНЫҢ ЛАУАЗЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

6.1. Профессор міндетін атқарушының лауазымдық міндеттері.

6.1.1. Жетекшілік ететін пәндері бойынша оку және оқу-әдістемелік жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылау жасайды. Кәсіби білім мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысады.

6.1.2. Барлық сабак түрлерін жүргізеді, курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, магистранттар мен PhD докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және диссертацияларына жетекшілік жасайды. Кафедраның ғылыми жұмыс бағыттары бойынша ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады және жетекшілік жасайды.

6.1.3. Жетекшелік жасайтын пәндері бойынша оку жұмыс жоспарларының жасалуына және дайындалуына басшылық етеді. Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша кафедраның, факультеттің, ғылыми-әдістемелік кеңестің, жоғары оку орнының ғылыми-әдістемелік жұмыстарына қатысады.

6.1.4. Жетекшілік ететін пәндерінің әдістемелік түрғыдан қамтамасыз етілуін бақылайды.

6.1.5. Оқулықтардың, оку құралдарының, оқу-әдістемелік құралдардың, дәріс конспектілерінің, жетекшілік жасайтын пәндері бойынша басқа да әдістемелік материалдардың дайындалуын ұйымдастырады және тікелей өзі қатысады, оларды баспаға дайындейді. Кафедраның оку және оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіруге байланысты ұсыныстар береді.

6.1.6. Кафедрадағы зерттеу тақырыбы аясында ұйымдастырылатын семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, онын ішінде, халықаралық конференцияларға қатысады.

6.1.7. Кафедрадағы білім алушылардың ғылыми қоғамдарында жүзеге асырылатын білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады және жетекшілік жасайды.

6.1.8. Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруға қатысады, оларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.

6.1.9. Кафедрадағы ғылыми педагог мамандарды дайындауға жетекшілік жасайды.

6.1.10. Жетекшілік жасайтын пәндері бойынша білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және жоспарлайды.

6.1.11. Мектеп оқушыларына кафедрадағы мамандықтар бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарына басшылық жасайды.

6.1.12. Ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық білімдерді насиҳаттауға қатысады.

6.1.13. Факультет білім алушылары мен кафедра оқытушыларының енбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындейді және ұсынады. Енбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындаиды.

6.2. Қауымдастырылған профессордың (доцент) міндетін атқарушының лауазымдық міндеттері.

6.2.1. Жетекшілік ететін пәндері бойынша оку және оқу-әдістемелік жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылау жасайды. Жоғары білім мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысады.

6.2.2. Барлық сабак түрлерін жүргізеді, курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасайды. Кафедраның ғылыми жұмыс бағыттары бойынша ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады және жетекшілік жасайды.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-059-2024</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндеттін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі</i>	<i>14 беттің 6-беті</i>

6.2.3. Жетекшілік жасайтын пәндердің сабактарын кафедра оқытушыларының сапалы өткізілуіне бақылау жасайды.

6.2.4. Жетекшілік жасайтын пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларын дайындайды. Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша кафедраның (факультеттің) ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмыстарына қатысады.

6.2.5. Кафедрадағы зерттеу тақырыбы аясында ұйымдастырылған семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, оның ішінде, кафедрадан жіберілген жағдайда халықаралық конференцияларға қатысады.

6.2.6. Кафедрадағы ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысады және басшылық жасайды, білім алушылардың ғылыми қоғамдарында жүзеге асырылатын білім алушылардың, магистранттардың ғылыми жұмыстарын ұйымдастырады және жетекшілік жасайды.

6.2.7. Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруға қатысады, жаңа жұмысқа қабылданған оқытушыларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.

6.2.8. Білім алушылардың, магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және жоспарлайды.

6.2.9. Мектеп оқушыларына кафедрадағы мамандықтар бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырады және өзі қатысады. Ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық білімдерді насхаттауға қатысады.

6.2.10. Кафедраның материалдық-техникалық базасын дамытуға қатысады.

6.2.11. Білім алушыларды тәрбиелеу жұмыстарына қатысады.

6.2.12. Кафедрадағы ғылыми-педагог мамандарды даярлауға қатысады. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады.

6.2.13. Білім алушылар мен кафедра оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындаиды.

6.3. Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндеттін атқарушы білуге міндетті:

6.3.1. Қазақстан Республикасының Конституациясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасының тіл туралы» заңдарын және басқа да білім беру саласының нормативтік құқықтық актілерін;

6.3.2. Білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін;

6.3.3. Оқу жоспарларын дайындау тәртібін;

6.3.4. Оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін;

6.3.5. Кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін;

6.3.6. Білім алушыларға білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі формалары мен әдістерін;

6.3.7. Экономика негіздерін, еңбек заңдарын;

6.3.8. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

6.3.9. Университеттің ішкі нормативті құжаттарын: - Регламенттерді;

- Білім беруді ұйымдастыруды басқару ережелерін;

- Білім беру үдерісін жобалау және ұйымдастыру ережелерін;

- Білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережелерін;

- Әлеуметтік инфракүрьылым және білім алушыларды қолдау ережелерін;

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ережелерін;

- Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша ережелерді білуге міндетті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	УЕ-ХҚТУ-059-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі
Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі	14 беттің 7-беті

6.4. Профессор міндетін атқарушы біліктілігіне қойылатын талаптар:

- 6.4.1. Білім беру үдерісін жобалау және ұйымдастыру, білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережелеріне сәйкес оқу-тәрбие үдерістерін жүзеге асыра алатын болуы;
- 6.4.2. Мамандық және пәннің оқу-әдістемелік кешендерін талапқа сай әзірлей алатын және оларды жетілдіре біletін болуы;
- 6.4.3. Оқыту нәтижелерінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында оқу жұмыстарын, технологияларын жүзеге асыра алуы тиіс.

6.5. Қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы біліктілігіне қойылатын талаптар:

- 6.5.1. Білім беру үдерісін жобалау және ұйымдастыру, білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережелеріне сәйкес оқу-тәрбие үдерістерін жүзеге асыра алатын болуы;
- 6.5.2. Мамандық және пәннің оқу-әдістемелік кешендерін талапқа сай әзірлей алуы;

7. УНИВЕРСИТЕТТИҢ ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ), ПРОФЕССОР МІНДЕТІН АТҚАУШЫ ЛАУАЗЫМЫНА АУЫСТАРУ

Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымы.

7.1. Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауысуға/ауыстыруға ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 128 Бұйрығының (КР Білім және ғылым министрінің 05.09.2024 № 435 бұйрықтарымен өзгеріс енгізілген) 4; 4-1; 4-2; 4-3; 4-4; 4-5; 4-6; 5; 5-1; 5-2; 5-3; 5-4; 5-5; 5-6; тармақтарында жазылған шарттардың 20% (пайызы) орындалған жағдайда рұқсат беріледі (1-кесте).

1-Кесте. Қауымдастырылған профессор (доцент)/ Профессор міндетін атқарушы лауазымына ауысу талаптары

Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 128· Бұйрығының тармақшалары (05.09.2024 № 435)	Міндетін атқарушы лауазымына ауысу үшін орындалуы тиіс талаптар
Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы ғылыми атақ беру туралы өтініш берген үйимда толық ставкада жұмыс істейтін ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғага (бұдан әрі – үміткерлер)	Қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы лауазымына ауысуға/ауыстыруға төмендегі 1, 2, 3-ші шарттың біреуі орындалған жағдайда рұқсат беріледі: 1.Диссертация қорғағаннан кейін жарияланған және үміткердің мамандығына сәйкес келетін 1 (бір) мақала (халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда
4-1. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы осы үйимда толық ставкада жұмыс істейтін	

Қоңа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	УЕ-ХҚТУ-059-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі
Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі	14 беттің 8-беті

ұміткерлерге - өнер және сәулет саласындағы мамандар	немесе уәкілдегі орган ұсынатын басылыма жарияланған); 2. 1 монография немесе оқулық (6 баспа табақтан кем емес); 3. Жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғасы бар болған жағдайда.
4-2. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жок, бірақ "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Зан) қарастырылған құрметті атаққа ие болған, осы үйімда жұмыс істейтін өнер және сәулет саласындағы мамандар	
4-3. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы осы үйімда толық ставкада жұмыс істейтін ұміткерлерге - дене тәрбиесі және спорт саласындағы мамандар	
4-4. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жок, бірақ Заңда қарастырылған Қазақстан Республикасының құрметті атағына немесе "Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы" атағына ие болған және осы үйімда жұмыс істейтін дене тәрбиесі және спорт мамандар	
4-5. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы ұміткерлерге Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының (бұдан әрі - Сот төрелігі академиясы) қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты жоғары әскери, арнайы оку орындарында немесе ғылыми үйімдарда, сондай-ақ жоғары оку орындарындағы әскери кафедраларда толық ставкада жұмыс істейтін әскери қызметшілерге, қызметкерлерге және жұмыскерлерге	
4-6. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы Сот төрелігі академиясының қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы прокуратура	

<i>Қожа Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-059-2024</i>
Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына аудыстыру ережесі			14 беттің 9-беті

органдарының, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары әскери, арнайы оку орындарының немесе ғылыми үйімдарының, сондай-ақ жоғары оку орындарындағы әскери кафедралардың ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жоқ, бірақ полковниктен төмен емес әскери (арнайы) атағы, аға әділет кеңесшісі сыныптың шенінен төмен емес немесе отставкадағы судья атағы бар және осы үйімда толық ставкада жұмыс істейтін қызметкерлерге және жұмыскерлерге

5. Профессор ғылыми атағы ғылыми атақ беру туралы өтініш берген үйімда толық ставкада жұмыс істейтін қауымдастырылған профессор (доцент) немесе аға ғылыми қызметкер ғылыми атағы бар уміткерлер

5-1. Профессор ғылыми атағы ғылыми атақ беру туралы өтініш берген үйімда толық ставкада жұмыс істейтін үміткерлер

5-2. Профессор ғылыми атағы қауымдастырылған профессор (доцент) немесе аға ғылыми қызметкер ғылыми атағы бар және осы үйімда толық ставкада жұмыс істейтін **өнер және сәулет саласындағы мамандар**

5-3. Профессор ғылыми атағы қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы бар, Занда қарастырылған құрметті атаққа ие болған, осы үйімда жұмыс істейтін **өнер және сәулет саласындағы мамандар**

5-4. Профессор ғылыми атағы қауымдастырылған профессор (доцент) немесе аға ғылыми қызметкер ғылыми атағы бар және осы үйімда толық ставкада жұмыс істейтін **дене тәрбиесі және спорт саласындағы мамандар**

5-5. Профессор ғылыми атағы қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы бар және Занда қарастырылған Қазақстан Республикасының құрметті атағына немесе "Қазақстан Республикасының Еңбек сінірген жаттықтырушысы" атағына ие болған және осы үйімда жұмыс істейтін **дене тәрбиесі және спорт саласындағы мамандар**

5-6. Профессор ғылыми атағы Сот төрелігі академиясының қызметкерлеріне, әскери

Профессор міндетін атқарушы лауазымына аудысуға/аудыстыруға төмендегі 1, 2, 3-ші шарттың біреуі орындалған жағдайда рұқсат беріледі:

1. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған және үміткердің мамандығына сәйкес келетін 2 (екі) мақала (халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда немесе үәкілдегі орган ұсынатын басылымда жарияланған);

2. 1 монография немесе окулық (6 баспа табақтан кем емес);

3. Жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғасы бар болған жағдайда.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-059-2024</i>
<i>Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі</i>			<i>14 беттің 10-беті</i>

қызметшілерге, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне және Қазақстан Республикасы Корғаның министрлігіне ведомствоның бағынысты жоғары әскери, арнайы оқу орындарының немесе ғылыми үйімдардың, сондай-ақ ЖЖОКБҰ-дағы әскери кафедралардың қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы бар, осы үйімда толық ставкада жұмыс істейтін қызметкерлеріне және жұмыскерлер

7.2. Шетелдік азаматтар үшін міндетін атқарушы лауазымына ауысу үшін орындалуы тиіс талаптар:

Қазақстан азаматтарының міндетін атқарушы лауазымына ауысуы үшін 1-кестеде көрсетілген шарттары орындалған жағдайда;

- Университетімізде 3 (үш) жыл үзіліссіз еңбек өтілі болуы міндетті;
- Жарияланған ғылыми еңбектері университетімізде жұмыс істеген жылдары жарық көрген болуы және университетіміздің атынан жарияланған болуы керек.

7.3. Ғылыми атақтарға үміткер ізденушілердің Кадр бөліміне тапсыруы тиіс құжаттар тізімі:

7.3.1. Ғылыми атаққа ұсыну жөніндегі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры атына жазылған кафедра менгерушісінің, факультет деканының қолдары қойылған өтініш хат (ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі, профессор/доцент міндетін атқарушы қызметіндегі еңбек өтілі, оның жетекшілігімен диссертация қорғаған шекірттері немесе жарық көрген монографиясы/оқу күралы және еңбектер саны көрсетілуі тиіс).

7.3.2. Ғылыми еңбектер тізімі (еңбектер жарияланған мерзімі бойынша тізімделуі тиіс), (үлгі 2-көсімшада тіркелген).

7.3.3. Университеттің құрылымдық бөлім басшыларынан құралған сараптау комиссиясы ОПК құжаттарын саралтап, олардың осы ережеге сәйкестігі жөнінде қорытындысын ұсынады.

7.4. ОПК қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру нәтижесі Университет ректорының бұйрығы арқылы рәсімделеді.

8. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ), ПРОФЕССОР МІНДЕТИН АТҚАРУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

Профессор, қауымдастырылған профессор (доцент) құқығы:

8.1. Өзі жүргізген оқу пәндері бойынша ағымдық, аралық және қорытынды бақылауды өткізуін тәртібін сақтауға.

8.2. Білім алушылардың үлгерімі бойынша сұраптарды және академиялық статусын қарастыру бойынша комиссия (кеңестің) жұмысына қатысуға.

8.3. Кафедрадан белгіленген мерзімде модульдер (элективті пәндер) саны және олардың сипаттамалары туралы толық ақпаратты білім алу үшін кафедра және пән оқытушысының келісімімен алуға.

<i>Кожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-059-2024</i>
<i>Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі</i>			<i>14 беттің 11-беті</i>

- 8.4. Оку және оқудан тыс жұмыстарды жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге.
 8.5. Факультет кеңесі мәжілістеріне және тәрбие жұмыстары жөніндегі кеңес мәжілістеріне қатысып, білім алушылардың құқықтарын қорғау туралы ұсыныстар беруге.

9. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ), ПРОФЕССОР МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ ЛАУАЗЫМДЫҚ СИПАТТАМАСЫ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУҒА БАҚЫЛАУ

9.1. Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымдық сипаттамасы талаптарын сақтауды бақылау: ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, ғылым департаментінің директоры, академиялық департамент директоры, факультет деканы, кафедра меншерушісі жүзеге асырады.

9.2. Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына қойылатын біліктілік талаптарын сақтамағаны үшін ОПК тәртіптік шара қарастырылады.

10 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ

10.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ- 7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

10.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу парагында» тіркелуі тиіс.

11 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

11.1 Университет ережесінің талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

11.2 Университет ережесінің жұмыс данасын сақтау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Кадр бөліміне жүктеледі.

11.3 Университет ережесінің бақылау данасын СРСО-на сақтауға беріледі.

11.4 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Кадр бөлімі басшысы жауапты болып табылады.

11.5 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын Кадр бөлімі қадағалайды.

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және стратегиялық даму
вице-ректоры

А.Ошибаева

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар
вице-ректоры

М.Гиритлиоглу

Стратегиялық даму, рейтинг
және сапа орталығының басшысы

С.Кырықбаева

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

Кадр бөлімінің басшысы

Ж.Сыздықова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-059-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі	14 беттің 12-беті	

ҚОСЫМША А

Ф-ГБ-001/001A

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
факультеті
кафедрасы
(Тегі, аты, экесінің аты) ғылыми еңбектері
ТІЗІМІ

№	Ғылыми еңбектің атауы	Баспа немесе қол жазба құқығында	Баспа, журнал (атауы, №, жылы, беттері), авторлық куәліктің, патенттің №	Көле мі (б.т.)	Қосымша авторлардың аты-жөні
1	2	3	4	5	6
Үәкілетті орган ұсынатын басылымдар					
1.					
2.					
3.					
Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оғ Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) компаниясының ақпараттық базасына жарияланған мақалалар					
4.					
5.					
Scopus (Скопус) не JSTOR (ДЖЕЙСТОР) базалардағы ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар					
6.					
7.					
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардағы ғылыми баяндамалар					
8.					
9.					
Соңғы 5 жылда басылған монографиялар, оқулықтар, жеке жазылған оқу (оку-әдістемелік) күралдар					
10.					
11.					

Ғылыми хатшы:

А.А.Абидуллаева

Ізденуші

<i>Көжас Ахмет Ясайи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-059-2024</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі</i>	<i>14 беттің 13-беті</i>

ҚОСЫМША Б

Ф-СМБ-004

Танысу парагы

<i>Көжас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-059-2024</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру ережесі</i>	<i>14 беттің 14-беті</i>

ҚОСЫМША В

Ф-СМБ-002

Өзгерістерді тіркеу параграфы